

## «Өзіңіз таңдаған талаптар бойынша Bereke Premium премиум картасы» акциясының ережелері (бұдан әрі – «Ережелер»)

**Акция** - «Bereke Bank» АҚ-та өткізілетін Mastercard World Elite төлем карталары бойынша меркетингтік акция (бұдан әрі – «Акция»)

**Банк** – «Bereke Bank» АҚ Акция ұйымдастырушысы болып табылады.

**Карта** - Банк Клиенттің атына шығарған Mastercard World Elite төлем картасы.

**Акция шеңберінде Картаны рәсімдеу кезеңі** - 25.02.2026 жылдан бастап 31.07.2026 жылға дейін.

**Акцияға қатысу кезеңі** - Карта шығарылған күннен бастап 6 (алты) толық күнтізбелік ай.

**Бейілділік бағдарламасы** – «B-Bonus» бейілділік бағдарламасы, оның ережелері Банктің <https://berekebank.kz/> сайтында жарияланған.

**Тарифтер** - Банктің <https://berekebank.kz/> сайтында жарияланған Жеке тұлғаларға, Заңды тұлғаларға және Жеке кәсіпкерлерге қызмет көрсету тарифтері.

**Орташа айлық қалдық** – бұл Клиенттің Картадағы ұлттық валютадағы немесе Банктағы ҚР ҰБ бағамы бойынша шетел валютасындағы баламадағы бір күнтізбелік күндегі ақша қаражаты қалдықтарының сомасының өткен айдағы нақты күндер санына қатынасы.

**Акция қатысушысы** – Акцияға қатысу шарттарын орындаған және келесі шарттарға сәйкес келетін Банктің клиенті: Карта шығарылған күнге дейін 90 күн ішінде басқа жарамды Карта болған жоқ.

### 1. Акцияға қатысу талаптары

1.1. Акция шеңберінде Карталарды рәсімдеу кезеңінде Картаны шығару және Акцияға қатысу кезеңі ішінде күнтізбелік айда келесі шартты орындау: Картада 500 000 (бес жүз мың) теңгеден кем емес сомада Орташа айлық қалдықты сақтау.

### 2. Акция шеңберіндегі сыйақылар

2.1. Ережелердің 1.1-тармағына сәйкес Акцияға қатысу кезеңінде талаптар орындалған жағдайда:

2.1.1. Акцияға қатысушының 1 (бір) негізгі Картасына жылдық қызмет көрсету үшін комиссия Акцияға қатысу кезеңіндегі тиісті күнтізбелік ай үшін алынбайды.

2.1.2. Премиум картасы бар клиенттерге арналған Бейілділік бағдарламасы шеңберінде бонустарды есептеудің ай сайынғы лимиті 30 000 бонусқа дейін құрайды.

2.2. Акцияға қатысу кезеңі аяқталғаннан кейін Карталарға қызмет көрсету Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады.

### 3. Өзге талаптар

3.1. Банк Акция қатысушыларын Банктің <https://www.berekebank.kz> сайтында Ережелердің жаңа редакциясын жариялау арқылы хабарландыра отырып, Акция Ережелеріне өзгертулер енгізуге құқылы. Сонымен қатар Банк Акцияға қатысушыларға Ережеледің өзгеруі туралы маркетингтік және/немесе ақпараттық материалдарды ұсыну жолымен хабарландыруға да құқылы.

3.2. Акцияға қатысушылар Акция Ережелерімен және <https://www.berekebank.kz> сайтында орналасқан өзекті өзгертулермен өз бетінше танысады.

3.3. Банк еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда Акция қатысушыларына мұндай шешім туралы алдын ала хабарландырмай, өз жеке қалауы бойынша Акцияны өткізуді біржақты тәртіппен тоқтату немесе уақытша тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.

3.4. Банк Акция қатысушыларының Акцияға қатысуына байланысты пайда болуы мүмкін ақшалай залалдардың, ұсталымдардың және өзге де кез-келген шығындардың орнын толтырмайды және қайтармайды.

3.5. Ережелерге кез келген өзгерістер мен толықтырулар Банк көрсеткен күннен бастап күшіне енеді және Карта ұстаушыларға қатысты қолданылады. Ережелердің жаңа редакциясы күшіне енгеннен кейін Клиенттің ағымдағы шоттар бойынша/Карталарды пайдалана отырып операциялар жүргізуі Клиенттің жаңа Ережелермен келісуін білдіреді.